

Әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету шаралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1993 жылғы 23 маусым N 1284. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының бұдан былай да әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Әскери қызметшілердің лауазымдық жалақысы бөлінген қаражаттар шегінде N 1-4 қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Ішкі істер министрлігіне, Республика ұланының қолбасшысына, сондай-ақ арнаулы әскери құрамалардың командованиесіне әскери қызметшілердің басқа лауазымдары бойынша жалақыны Қарулы күштердің түрлері мен әскерлердің тегінің ерекшеліктерін ескере отырып осы қаулыда көзделген жалақыларға қарайлас, бірақ 2,4 еседен асырмай белгілеу құқығы берілсін.

3. Күнтізбе жылының қорытындысы бойынша әскери қызметшілерге әскерлердің жоғары жауынгерлік әзірлігін дәйекті еткені, қызмет міндеттерін абыроймен орындағаны және мінсіз тәртібі үшін үш жалақы мөлшерінде біржолғы ақшалай үлес (шалғай жерлердегі қызметі үшін өсімін есепке алмай) және қызмет өткерген жылдары үшін проценттік үстеме ақы төленетін болсын. Әскери қызметшілерге төленетін бірінші сыйақы 1993 жылдың қорытындылары бойынша аталған мөлшерде жүргізілсін.

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақ күшін жойды - Қазақстан Республикасының Президентінің 1997.04.01. N 3436 Жарлығымен.

5. Қызмет өткерген жылдары, штаттың қысқартылуы, мүгедектілігі, денсаулық жайына қарай қызметтен босатылған адамдардың зейнетақысы, асырушысынан айырылуға байланысты отбасыларына берілетін зейнетақы әскери қызметшілердің, қызметте тұратын ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының осы қаулыға байланысты өсірілген ақшалай үлесіне қарай қайта есептелсін.

6. Осы қаулы 1993 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

1993 жылғы

23 маусым

N 1284

қаулысына

N 1 қосымша

**Негізгі типтік лауазымдар бойынша
офицер құрамындағы адамдардың
лауазымдық жалақысы**

-----!-----

Лауазымдар атауы

! Айлық лауазымдық
! жалақысы (сом есебімен)

-----!-----

Әскерлер бойынша

Әскерлер тегінің қолбасшысы	70000
Корпус командирі	67000
Дивизия командирі	64000
Бригада командирі	58000
Полк командирі	54000
Батальон командирі	47000
Рота командирі	42000
Взвод командирі	36000

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

1993 жылғы

23 маусым

N 1284

қаулысына

N 2 қосымша

**Мерзімнен тыс қызметтегі прапорщиктердің
(мичмандардың), әскери қызметшілердің,
сондай-ақ солдаттар (матростар), сержанттар
(старшиналар), прапорщиктер (мичмандар)
атқаратын лауазымдарда әскери қызмет өткеріп
жүрген әйел әскери қызметшілердің
Лауазымдық жалақысы**

-----!-----

Тарифтік разряды

! Айлық лауазымдық жалақысы

**Әскери оқу орындары мен әскери бөлімдер
курсанттарының
Лауазымдық жа ла қ ы с ы
(Кесте)**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК